

Қазақстан  
баспагерлері мен  
полиграфистері



# ҚАЗАҚСТАН БАСПАҒЕРЛЕРІ МЕН ПОЛИГРАФИСТЕРІ



Алматы “Білім” 2005

ББК 76.1 я2  
Қ 18

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитеті*

*Құрастырғандар:*  
**Райхан Мәженқызы, Қатира Қайрамбекова**

**Қ 18 Қазақстан баспагерлері мен полиграфистері. Анықтамалық.**  
Алматы, “Білім” баспасы. 2005 ж. — 576 бет.

**ISBN 9965-09-134-X**

Қ  $\frac{4501000000}{412 (05) 05}$  - 05

**ББК 76.1 я2**

**ISBN 9965-09-134-X**

© “Білім” баспасы, 2005  
© Р.Мәженқызы,  
Қ.Қайрамбекова, 2005

**“ҚАЗАҚСТАН БАСПАҒЕРЛЕРІ МЕН  
ПОЛИГРАФИСТЕРІ” АТТЫ АНЫҚТАМАЛЫҚТЫҢ  
АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ**

*Шерияздан Елеуқенов – алқаның төрағасы*

*Мүшелері:*

*Нұрғазы Шәкеев  
Әлібек Асқаров  
Бақытжан Қанапиянов  
Райхан Мәженқызы  
Қатира Қайрамбекова  
Таңатхан Рысаев  
Нұрмахан Оразбек  
Жарылқасын Нұсқабайұлы  
Бексұлтан Нұржекеұлы  
Серік Әбдірайымов*

*Әшірбек Көпішев  
Жақау Дәуренбеков  
Оразбек Сәрсенбаев  
Ыдырыс Бегалиев  
Жанат Сейтенова  
Ерлан Сатыбалдиев  
Мереке Құлқенов  
Есенғали Раушанов  
Шайзада Бәйкенова  
Бауыржан Иманәлиев*



A decorative border with a repeating floral or scrollwork pattern surrounds the central text.

***БАСПАҒЕРЛЕР***



**АБАХАН Әдияш Абаханқызы** – 1947 жылы 15 қарашада Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласында дүниеге келді.

1966 жылы Қарқаралыда №1 қазақ орта мектебін, 1971 жылы С.М.Киров

атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Одан кейінгі жылдары Қарағанды, Батыс Қазақстан облысы газет редакцияларының еңбекшілер хаттары және бұқаралық жұмыс, мәдениет бөлімдерінде тілші, аудармашы, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған.

1981–1990 жылдар аралығында Республикалық “Өнер” баспасында редакторлық қызмет атқарды. Көптеген кітаптарға редактор болып, өн жинақтарын құрастырып шығарды. Әр жылдары республикалық білім жетілдіру, біліктілікті арттыру курстарына жіберілді. Еңбек нәтижелері жоғары бағаланып, мақтау грамоталары мен ақшалай сыйлықтарға ие болды.

Әдияш Абаханқызы 1990 жылы Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде қазақ тілі кафедрасы ашылғанда қазақ тілі пәнінің оқытушысы болып орналасты. Қазір осы кафедраның аға оқытушысы. Республикалық, халықаралық ғылыми

конференциялар жинақтарында мақала, баяндамалары жарық көрді.

Ә.А.Абахан ҚР Журналистер одағының мүшесі, ҚазҰТУ әл-Машани атындағы жаратылыстану-гуманитарлық институты ғылыми-әдістемелік кеңесінің мүшесі, әрі хатшысы. Ол оқу-тәрбие ісінің бірлігі қағидасын басшылыққа алып, биік ұлттық рух пен салт-сана, өнер, әдет-ғұрып, қазақстандық патриотизм жайында рухани білім беруді мұрат тұтқан ұстаз.

**АБДУЛЛИН Абдулла Исмаилұлы** – соғыс және еңбек ардагері, 1926 жылы 26 қазанда Алматы қаласында туған. 1934–1943 жылдар аралығында орта мектепте оқыған. 1943 жылы, 9-сыныпты бі-



тіріп арнайы Әскери авиациялық мектепке оқуға түсіп, оны 1944 жылы тамамдап, механиктерді дайындайтын Әскери авиациялық мектепке оқуға жіберіледі. Оқу кезінде Куйбышев қаласындағы авиазаводта стажировкада болып, ИЛ-2 ұшақтарын алдыңғы шеп жанындағы аэродромдарға жеткізуге қатысады. Аталмыш мектепті бітірген соң Прибалтикадағы ШАСКП 622 әскери бөліміне звено механигі ретінде әскери қызметке жіберіледі. 1946 жылы Рига қаласындағы авиаатқыштар полкіне ауыстырылады. Кеңес Армиясы қатарында 1951 жылға дейін қызмет етіп, 1953 жылы Абай атындағы Қазақ педагогика институтының физика-математика бөліміне оқуға түседі. Ал 1956 жылы оның сырттан

оқитын бөліміне ауысып, “Мектеп” баспасында корректор болып жұмысқа тұрады. Кейін аға корректор, редактор, кейін аға редактор болып құрметті демалысқа шыққанға дейін жемісті еңбек етеді. 1978 жылы “Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері” атағы беріледі. Көптеген орден, медалдар және құрмет грамоталарымен марапатталған. Тәжірибелі баспагер, редактор, аудармашы ретінде ұйғыр мектептерін ана тіліндегі сапалы оқулықтармен қамтамасыз етуге салмақты үлес қосқан.



**АБДУЛЛАЕВА**  
**Ибадат Мірсейітқызы** – 1932 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданында дүниеге келген. 1952 жылы Қыздар педагогикалық институтын бітірген. Еңбек жолын

“Оқу-педагогика” баспасында корректорлықтан бастайды. Осы баспада 35 жыл жемісті еңбек етіп, редактор, аға редактор, редакция меңгерушісі, бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарды. И.М.Абдуллаева “Мектеп” баспасында істеген көп жылдық істәжірибесін көптеген оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарының жарыққа шығуына және физика, математика пәндері оқулықтарының сапалы шығуына жұмсады. Осы сала оқулықтарының шебер аудармашысы болды. Баспа ісін ұйымдастыруға, маман редакторлар даярлауға, оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиетті сапалы етіп шығаруға елеулі үлес қосқан қабілетті ұйымдастырушы,

жауапты қызметкер, айтулы баспагер болды.

И.М.Абдуллаеваның редакторлығымен жарық көрген оқулықтар халықаралық көрмелерде қойылып, дипломдар мен жүлделерге ие болған.

И.М.Абдуллаеваның баспадағы көп жылдық үлгілі еңбегі лайықты бағаланып, “Еңбек ардагері” медалімен марапатталып, “Бүкілодақтық баспа ісінің үздігі” атағына ие болған.

Бүгінде ол құрметті демалыстағы аяулы ана, ардақты әже.

**А Д И Л О В А**  
**Мариям** – педагог, баспагер. 1953 жылы 1 ақпанда Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Долайты ауылында туған.

1974 жылы Абай атындағы Қазақ педагогика институтын бітірген. Еңбек жолын 1974 жылы ауылдық мектепте мұғалім болудан бастап, одан әрі Алматы қаласындағы “Заря-Восток” мектебінде жалғастырған.

1976 жылы “Мектеп” баспасына редактор болып жұмысқа орналасып, қазіргі күні жетекші редактор қызметін атқаруда. Қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысқан. Баспада жұмыс жасаған ұзақ жылдық тәжірибесі мен жемісті еңбегі лайықты бағаланып, 1991 жылы Қазақ КСР Халыққа білім беру министрлігінің Құрмет грамотасымен, 1997 жылы Қазақстан Республикасының баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің Құрмет грамотасымен марапатталған.







**АДИЛОВА Хеличәм** – 1934 жылы 1 қаңтарда Алматы облысы, Ұйғыр ауданының Үлкен Ақсу селосында туған. Сонда ұйғыр орта мектебін бітіріп, Абай атындағы Қазақ педагогика институтының жаратылыстану факультетіне оқуға түсіп, оны 1957 жылы үздік тамамдайды. Оқудан соң 1957–1967 жж. аралығында Ұйғыр ауданы Шарин (қазіргі Момын Хамраев атындағы) орта мектебінде, кейін аудан орталығы Шонжыдағы ұйғыр орта мектебінде биология, химия пәндері бойынша мұғалім болып істейді. 1967 жылы Алматыға көшіп келіп алғаш балабақшада тәрбиеші, ал 1971 жылдан зейнетке шыққанға дейін, яғни 1989 жылға дейін “Мектеп” баспасында алғаш корректор, кейін редактор болып жұмыс істеп, сапалы ұйғыр оқулықтарын шығаруға өз үлесін қосқан.



#### **АЙТБОЛАТУЛЫ**

**Батырболат** – 1972 жылы 19 тамызда Орал облысы, Қазталов ауданы, Бостандық ауылында туған. Әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-дың филология факультетін (1995), оның аспирантурасын (2000) бітірген. 1995–2002 жж. Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші ғылыми қызметкер,

Қазақ энциклопедиясында жетекші маман, репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін “Арыс” қорында және “Арыс” баспасында ғылыми редактор, “Қазақстан” ұлттық телеарнасында стилист-редактор, “Атлас-2001” баспасында бас редактор қызметтерін атқарған. Қазір “Глобус” баспа үйі ЖШС директорының орынбасары.

1995 жылы “Толқыннан толқын туады” атты студенттер жыр жинағына (“Ер-Дәулет”) бір топ өлеңі енген. Жас ақын-жазушылардың халықаралық “Сорос-Қазақстан-Дебют” конкурсының жүлдесін жеңіп алған өлеңдер топтамасы арнаулы жинақта (1997, “Жібек жолы”) жарияланды. Екі мәрте (1997, 1998) ҚР Президентінің стипендиаты атанды. Т.Айбергеновтің 60 жылдығына (1997), Кенесары Қасымұлының 200 жылдығына арналған жыр мүшәйраларының жүлдегері. Өлеңдері “Қазақстан жас ақындарының антологиясына” (А., “Өлке”, 2000) енген.

***Шығармалары:** Мен гашық қыз. А., “Жазушы”, 1996; Көзмоншақ. Астана, “Елорда”, 2001.*

#### **АЙНАБЕКОВ**

**Тельман** – 1938 жылы 14 наурызда Алматы облысы, бұрынғы Нарынқол ауданының Қақпақ ауылында туған. 1963 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтын бітіргеннен кейін, осы институттың арнайы жолдамасымен, сол кезде жаңадан құрылған “Қайнар” баспасына



редакция меңгерушісі болып орналасқан. Ол осы баспада 15 жылдай жұмыс істеп, көптеген ауылшаруашылық әдебиеттерін шығаруға атсалысқан. Кейіннен “Қазақ совет энциклопедиясының” ауыл шаруашылығы редакциясында еңбек етіп, энциклопедиялық туындыларды, екі томдық “Орысша-қазақша сөздікті”, басқа да ғылыми еңбектерді шығаруға қатысқан.

1985 жылы “Мектеп” баспасына редакция меңгерушісі болып, жоғары оқу орындарына арналған көптеген оқулықтар мен оқу құралдарын шығаруды ұйымдастырды.

Осы баспадан “Ана тілі” баспасы бөлініп шыққаннан кейін, мұнда да редакция меңгерушісі қызметін атқарған. Бұл ұйымда көптеген салалық сөздіктерді шығаруға басшылық етті, біраз сөздіктерге автор, редактор ретінде қатысты.

Тельман Айнабеков 1965 жылдан Қазақстан Журналистер Одағының, 2000 жылдан республикалық “Отан” партиясының мүшесі.

Қазір “Жаршы” ғылыми журналының редакторы.



### **АЙЫМБЕТОВ**

**Мәди** – 1946 жылы 14 қарашада Қостанай облысы, Аманкелді ауданында туды. 1972 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тамамдағаннан

кейін республикалық газет-журналдар басылымдарында қызмет істеді. 1972–1977 жж. аралығында “Қазақстан пио-

нері” (қазіргі “Ұлан”) газетінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы қызметтерін атқарды. 1977–1984 жж. “Пионер” (қазіргі “Ақ желкен”) журналында, бұдан соң 1986 жылы “Қазақстан коммунисті” (қазіргі “Ақиқат”) журналында қызмет істеді. 1986–1993 жж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінде, қазір Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Аппаратында бөлім меңгерушісінің орынбасары.

Жазушының “Тәтті мұң” атты алғашқы әңгімесі 1972 жылы “Жұлдыз” журналында жарық көрді. Швед жазушысы Мария Грипенің “Эльвис Карлсон” повесін, В.Шукшин, А.Головко, А. Пацос, тағы басқа жазушылардың шығармаларын аударған.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Грамотасымен, ҚР Құрмет Грамотасымен марапатталған.

**Шығармалары:** *Шілденің күні. Повесть, әңгімелер.* А., “Жалын”, 1976; *Ертегіден келген бала. Повесть.* А., “Жалын”, 1978; *Көгілдір соқпақ. Әңгімелер, повесть.* А., “Жалын”, 1980; *Көлге шомылған ай. Повестер мен әңгімелер.* “Жалын”, 1984; *Плато голубых цветов.* А., “Жалын”, 1985; *Шыққа тұнған нұр. Повестер.* А., “Жалын”, 1989; *Ол дәурен бір көрген түс. Повестер мен әңгімелер.* А., “Жазушы–Ғылым”. 1995; *“Чаша печали”* А., 1977, *“Жеті жарғы”*; *Тылсым. Повестер,* “Елорда”, 2001.





**АҚБАЙ Наурызбай Ерсарыұлы** — (1937 ж. т.)— филолог, журналист, аудармашы, энциклопедияшы-баспагер. 1963 ж. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология

факультетін бітірген. 1963–69 жж. Алматы қаласындағы орта мектепте мұғалім, Өзбекстандағы Сырдария пединститутында оқытушы, 1969–72 жж., 1972–86 жж. Қазақ КСР Министрлер Кеңесі мен Жоғарғы Кеңес аппаратында редактор-аудармашы. 1986–91 жж. Қазақ энциклопедиясы бас редакциясында аға редактор, 1991–96 жж. “Санат” баспасында жетекші редактор, бас редактордың орынбасары, бас редактор. 1996–2005 жж. “Атамұра” баспасында редакция меңгерушісі қызметтерін атқарды. Аударма саласында жемісті еңбек етті. Ғайрати (өзбек), Л.Лекч пен В.Алексеев (орыс), И.Хабрук (араб), О.Гончар (украин), И.Тавчар (югослав), В.Санги (нивх), Али (түрік), Т.Либен (эфиоп), А.Федоров (саха) т.б. жазушылардың әңгімелерін, орыс ғалымы М.Е.Кричевскийдің “Химиямен машина жөндеу” атты еңбегін қазақшалады. “Жүсіп Баласағұни”, “Кәусар бұлақ” атты зерттеу мақалалары жарық көрді. 12 томдық “Қазақ кеңес энциклопедиясының”, 4 томдық “Қазақ КСР” қысқаша энциклопедиясын, “Ислам”, “Абай” энциклопедияларын шығаруға ат салысып, көптеген ғылыми мақалалар жазды. “Атамұра” баспасында қазақ, ағылшын, өзбек, араб, француз тілдеріндегі

мектеп оқулықтарын, оқу-әдістемелік кешендерді, түрлі энциклопедиялық, “Атамұра кітапханасы” сериясымен шығып жатқан көркем әдебиеттерді шығаруда зор еңбек етті.

### **АҚШОЛАҚОВ**

**Төлеутай Қазіулы** — 1915 жылы 4 қаңтарда Павлодар облысы, Баянауыл ауданының 4-ауылында дүниеге келген.



1931 жылы Алматыдағы зооветеринарлық институтының бірінші курсына оқып жүрген кезінде ашаршылық басталып, әрі қарай оқуын жалғастыра алмай, еліне, Керекуге тартып тұрады. Мұнда келгеннен кейін аудандық газетке жауапты хатшы болып орналасады. Содан кейін көп тиражды газетке редакторлыққа ауысады. Сол кезден бастап газет беттерінде өртүрлі тақырыпта мақалалары жарияланып тұрады.

1937 жылы Алматыға келіп, Абай атындағы Қазақ педагогика институтына түседі. 1939 жылы оқып жүріп, бір жағынан Қазақстан мемлекеттік баспасында редактор болып істейді. Біраз қазақ әдебиеті оқулықтарын редакциялап, жарық көруіне мұрындық болады. Орта мектептің “Қазақ әдебиеті хрестоматиясына” Шекспирдің “Гамлет” трагедиясынан, Обломовтың романынан үзінділер аударып, енгізеді. 1939 жылы белгілі ғалым Есмағамбет Ысмайыловпен бірге жазған 9-сыныпқа арналған “Қазақ әдебиеті оқулық-хрестоматиясы” жарық көреді. Сол жылдары Н.Сауранбаев, Жиен-

баевпен бірге қазақ мектептерінің бастауыш сыныптарына орысша-қазақша сөздік құрастырады.

Институтты бітіргеннен кейін Павлодарда педучилище, орта мектепте мұғалім болып істеді.

Ұлы Отан соғысының аяқ кезінде 4-Украина, 1-Белорус майдандарының “Қызыл Армия” газетінде тілші болып істеген.

Бұдан шығатын қорытынды: Т.Қ.Ақшолақов баспа, газет, журнал, жалпы журналистикамен байланысы үзілмегенін айту ләзім.

1963–1965 жылдары Т.Қ.Ақшолақов республикалық оқу-педагогика баспасында директор болып істейді.

Барлық білімін, мол тәжірибесін сапалы оқулықтар шығаруға жұмсайды.


Кейін Т.Қ.Ақшолақов Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары қызметін атқарған. Бұл институтта табаны күректетіп отыз жыл еңбек етеді, кандидаттық диссертация қорғайды, профессор атағын алады.

Бұл кезде де баспа ісінен қол үзген жоқ. 1966 жылдан бері оқулық авторларының бірі. Көркем аудармамен де айналысып, тарих оқулықтарын ана тілімізге аударып, көптеген ғылыми еңбектер жазған.

Т.Қ.Ақшолақов халық ағарту ісінің озаты. “Еңбектегі ерлігі үшін”, “Ыбырай Алтынсарин” медалдарымен марапатталған, ғылыми-педагогикалық, ұстаздық елеулі еңбектері үшін “Тарлан” сыйлығын алған.

**АҚПАҢБЕТҰЛЫ Әлсейіт** – 1943 жылы 22 шілдеде Қызылорда облысы, Сырдария ауданында дүниеге келген. 1959–1962 жж. кеңшарда, құрылыс

басқармасында істеген. 1966 жылы Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың филология факультетін бітірген. 1966–1973 жж. Сырдария



ауданындағы орта мектептерде мұғалім, аудандық оқу бөлімінде әдіскер, 1973–1977 жж. “Мектеп” баспасында редактор, 1977–1981 жж. Қазақ КСР Оқу министрлігінде инспектор, Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер, 1981–1990 жж. Қазақ радиосының әдеби-драмалық хабарлар бас редакциясында редактор болып жұмыс істеген. 1991 жылдан бері республикалық балалар басылымы “Балдырған” журналында бөлім редакторы, редакцияның алқа мүшесі. ҚР білім беру ісінің үздігі.

Алғашқы өлеңдері 1964–1965 жж. Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстық газеттерінде жарияланды. Жазушының “Түнгі көбелек” аталатын трагикомедиясы 1998 жылдан Қызылорданың Нартай Бекежанов атындағы музыкалық-драма театрында қойылып келеді. “Дүние-думан” комедиясы қазақтың мемлекеттік М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында 2001 жылдан қойылуда.

**АҚЫШ Нүрдәулет** – 1950 жылы 15 мамырда Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Маңырақ ауылында туған. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің филология фа-



культетін бітірген (1973). Республикалық “Мектеп”, “Жалын”, “Баласа” кітап баспаларында, “Қазақ әдебиеті”, “Жұлдыз”, “Қазақстан мұғалімі”, “Халық кеңесі”, “Заң газеті”, “Дат” газет-журнал


редакцияларында әр түрлі қызметтер атқарады.

Қазір Қазақстан Республикасы Білім академиясында ғылыми редактор.

Жазушының “Үндемейтін ұл” (1982), “Қияннан келген көгершін” (1984), “Сынық домбыраның сазы” (1985), “Таң алдындағы дабыл”, “Жатақхана қыздары” атты прозалық кітаптары жарық көрді.

Балаларға арналған туындылары да бар: “Жұмбақ іздер”, “Әбдіреден шыққан қылыш”, “Қиырдан келген көгершін”, “Киелі көлдің қарақшылары”, “Бейуақта жанған от”, т.б.

Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың иегері.



**АҚЫШЕВ Зейтін (1911–1991)** – Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. 1931 жылы Баянауыл аудандық оқу бөлімінің іс жүргізушісі, кейін оның инспекторы, жеті жылдық мектептің мұғалімі, директоры болды. 1939 жылы Семей педагогикалық институтының физика-математика факультетін

бітіріп, Павлодар, Талдықорған облыстық оқу бөлімдерінің меңгерушісі қызметін атқарды. Алматыдағы Оқу-педагогика баспасында аға редактор, редакция меңгерушісі, Бас редактор болды. 1955–1960 жж. республикалық “Қазақстан мұғалімі” газетінің редакторы, 1965–1969 жж. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің аппаратында аудармашы редактор, ал 1970–1972 жж. Қазақ Совет энциклопедиясының бас редакциясында аға ғылыми редактор болды.

1930 жылдың май айында “Ағаш үй” атты тұңғыш өлеңі Павлодардың округтік “Колхоз” газетінде басылды.

Содан бергі жылдар ішінде бірнеше өңгіме, повесть, романдары жеке-жеке жарық көрді. Бірталайы орыс тіліне аударылды.

Драматургия саласында да (“Жаяу Мұса”, “Келіндер”) еңбек етті. В.Панованың “Кружилиха” романын (1952), А.Куприннің “Жекпе-жек” повесін (1955), Я.Коластың “Талап атай” повесін (1956), т.б. қазақ тіліне аударды.

**Шығармалары:** *Біздің шамиырақтар. Очерктер. А., 1962; Достарым менің. Әңгімелер мен повестер. А., “Жазушы”, 1967; Ақбел асуы. Роман. А., “Жазушы”, 1975; Жесірлер. Бұршақ соққан жер. (Дилогия). А., “Жазушы”, 1973, 1976; Жаяу Мұса. Роман. А., “Жазушы”, 1981.*

**АЛДАМЖАРОВ Бекділдә** – 1946 жылы 3 сәуірде Қызылорда облысындағы Қазалы ауданына қарасты №99 разьезде, теміржолшының отбасында туған.

Алғашқы өлеңдері 1960 жылы республикалық жастар газетінде “Сәт сапар” айдарымен жарық көрген. Ақын З.Шүкіровтің алғы сөзімен өлеңдері



облыстық газетте жарияланған.

1964 жылы он бір жылдық мектепті бітірген соң, Қазалы ауданының мәдениет бөлімінде бір жылдай қызмет істеген. 1965 жылы ҚазМУ-дің филология факультетіне

оқуға түседі. “Лениншіл жас” газетінде, “Жазушы” баспасында, қазақ теледидары музыка редакциясында қызмет істеген. Қазір “Жұлдыз” журналының бөлім меңгерушісі.

“Нөсер” (1968), “Жыл мезгілдері” (1969), “Айлы түндер” (1970), “Нұр мен түнек” (1972), “Іздедім сені” (1977), “Мизам айы” (1982) атты өлең кітаптары “Жазушы” баспасынан жарық көрген.

Қарасөз саласында да қалам тартып келеді: алғашқы романы “Қара нөсер” (1981), “Жықпыл” (1985), “Ұлы сел” атты төрт томдық тарихи романының алғашқы екі кітабы (1988; 1992) жарық көрген.

Ол атақты Фирдоусидің “Шахнама” эпопеясының “Мәнушеһір” (1973) және “Кей Хосроу” (1976) дастандарын, грузин шайыры О.Челидзенің балаларға арналған “Алхан мен Шалхан” атты дастанын (1971) қазақ тіліне аударған.

А.Пушкин, А.Блок, П.Неруда, Е.Евтушенко, Б.Ахмадулина, А.Вознесенский, т.б. шайырлардың өлеңдерін аударып, жинақтарда бастырған.

Бірқатар әндері “Ауыл кеші көңілді” жинағында жарық көрген. Сын жанрында да қалам толғап жүр.

## А Л Е Ш И Н А

**Нина Михайловна**

— 1948 жылы 10 желтоқсанда Талдықорған қаласында туған.

И.Федоров атындағы Украина полиграфия институтының өндірістік технология факультетін бітірген.

Өзбекстан ОК баспасында, Талдықорған облыстық баспаханасында жұмыс істеген.

Қазір Астана қаласында “Күлтегін” баспасының орындаушы директоры.



## АЛТЫНБЕКОВА

**Лина Исақызы** —

білім беру саласының байырғы қызметкері, Республикалық баспа кабинетінің бас маманы, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясы Жоғары білім институтының лаборатория меңгерушісі, “Қазақ ССР халыққа білім беру ісінің озық қызметкері” белгісінің, “Еңбек ардагері” медалінің иегері, әдістемелік оқу құралдарының авторы, ұстаз-әдіскер Алтынбекова Лина Исақызы 1940 жылы 26 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданында дүниеге келді. Әкесі Алтынбеков Иса — Түркістан педагогикалық училищесінің директоры, анасы Серікбаева Базаркүл — партия қызметкері болған. Лина Исақызы 1957 ж. онжылдық мектепті бітірген соң сол жылы Алма-



тыға келіп, Қазақтың С.Киров атындағы Мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1962 жылы бітіреді. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін өз мамандығы бойынша қызмет істейді.

1979 жылы Лина Исақызы – балабақша меңгерушісі қызметінен оқу-әдістемелік кеңестің әдіскері болып тағайындалды. Бұл Кеңес оқулықтар мен оқу әдістемелік құралдарының мазмұн, сапасын анықтап, “Мектеп” баспасына ұсынатын. Оқулық авторларымен жұмыс жасау, республиканың түкпір-түкпірінен келген қолжазбаларды оқып саралау, сұрыптау, пікір жазу сияқты жұмыстар нағыз шыңдалу, өзін-өзі таныту осы жылдары болды.

Сол жылдары қазақ тілі мен әдебиетінен т.б. пәндерден әдістемелік, дидактикалық т.б. көрнекі құралдар, кестелер бірінен соң бірі басылып шығып жатты. Оқулық авторлары, ғалымдар Лина Исақызының принципшілдігін, үлкен адамгершілігін жасырмай айтып жүретін, әрі одан именетін.

1982 жылы көмекші мектептерге арналған төл оқулықтар жазу қолға алынды. Бұл жұмысты да Лина Исақызы үлкен жауапкершілікпен атқарды. Математика, Қазақ тілі, Ана тілі оқулықтарының авторлар ұжымын құрып, тез арада дайындалған төл оқулықтар өндіріске тапсырыла бастады. Осы күнге дейін ғалым-ұстаздар Р.А.Сүлейменова, Б.Баймұратова, К.Өмірбекова, К.Мұқанова т.б. жазған оқулықтар көмекші мектептерде пайдаланылып жүр.

1989 жылы Халыққа білім беру министрлігінің №145 бұйрығымен кәсіптік-техникалық училищелерде жаппай

қазақ бөлімдері ашыла бастады. Сол бұйырықты орындау барысында қазақ бөлімдерінің оқушылары үшін оқулықтарды орыс тілінен қазақ тіліне аударуды ұйымдастыру да Л.И.Алтынбековаға жүктелді. Авторлар тобын құрды. Лина Исақызының ерен еңбегінің, шебер ұйымдастыруының арқасында бір жылда 28 оқулық орыс тілінен қазақ тіліне аударылып, 4 төл оқулық, оншақты бағдарлама, хатшы-машинистка дайындайтын курстарға алғаш рет қазақ тілінде бағдарлама және оқу құралы жазылды. Орыс бөлімдері үшін М.Нұрғалиеваның авторлығымен “Қазақ тілі” оқулығы жарық көрді.

1998 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының құрамында Жоғары білім институты ашылып, оның тұңғыш директоры болып педагогика ғылымдарының докторы, профессор Әбылқасымова Алма Есімбекқызы тағайындалды. Институт басшысы ешқандай күмәнсіз, үлкен сеніммен Лина Исақызын “Жоғары мектепті оқулықпен қамтамасыз ету мәселесі” лабораториясының меңгерушісі етіп тағайындады. Институт жанында құрылған ғылыми-әдістемелік үйлестіру кеңесінің басты мақсаты жоғары оқу орындарын оқулықпен қамтамасыз ету еді. Республикадағы жоғары оқу орындарының профессорлары оның 27 секциясының мүшелері ретінде жоғары білім мәселелерін зерделеуге тікелей қатысып отырды. Кеңес министрлік бекіткен классификатор бойынша 304 мамандықтың бәрін, білім саласындағы пәнаралық байланыстарды ескере отырып қамтиды. Жоғары оқу орындарындағы оқулық жетіспейтіндігі анықталды. Кеңесте 86 қолжазба тал-

қыланып, оның 26-ы республикалық баспа кабинетінен жарық көрді. Басылым құқы бар жоғары оқу орындарының 367 аталым, көлемі 2665 баспа табақ, таралымы 104,53 мың дана ғылыми және оқу әдебиеттерінің тақырыптық жоспары түзілді.

1999 жылы мұғалімдердің I съезіне қарсы Қ.Көшербаев, А.Әбілқасымова т.б. авторлығымен “Білім” баспасынан “Қазақстан Республикасында жоғары білімді дамыту стратегиясы”, А.Әбілқасымова т.б. авторылығымен “Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасы” қазақ, орыс тілдерінде “Высшее образование Казахстана в третьем тысячелетии” атты жұмыстары дер кезінде өндіріске тапсырылып, жарық көрді.

Лина Исақызы – білім беру жүйесіне айрықша үлес қосқан мектеп мұқтажын өтеп келген 45 жыл ішінде мол тәжірибе жинақтап, өз шамашарқынша Қазақстандағы педагогика ғылымының өркендеуіне лайықты үлес қосқан жандардың бірі деп білеміз.



**АЛТАЙ Асқар** – 1963 жылы 12 ақпанда Шығыс Қазақстан облысындағы Зайсан қаласында туған. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің филология факультетін бітір-

ген (1984).

Алматы облысы Күрті аудандық “Шұғыла” газетінде тілші, С.Мұқанов мұражай-үйінде кіші ғылыми қызметкер, Қазақ теледидары “Алатау”

бағдарламасында жауапты редактор, “Жұлдыз” журналының әдеби сын бөлімінде редактор, бөлім меңгерушісі, “Ер-Дәулет” ақпараттық агенттігінде бас редактордың орынбасары, Қаржы министрлігінің “Қаржы-қаражат” журналында бас редактордың орынбасары, бас редактор, “Білім” баспасында жетекші редактор қызметін атқарған.

Қазір “Атамұра” баспасында редактор.

“Қыр мен қала хикаялары” атты повестер мен әңгімелер жинағы (1998), “Алтай новелласы” атты прозалық жинағы (2001) жарық көрген.

“Қызыл бөлтірік” кітабы (повестер мен әңгімелер, 1997) Халықаралық Сорос қорының бас жүлдесі — грантын жеңіп алған.

Қазақстан Жазушылар одағының Жастар арасындағы прозашылар форумының (1989, 1990), Т.Айбергенов атындағы сыйлықтың, Халықаралық “Алаш” әдеби сыйлығының лауреаты.

**АМАНОВ Шәкір Қорғанұлы** – 1929 жылы 10 тамызда Қостанай облысының Қарабалық ауданындағы Бозкүл ауылында дүниеге келген.

1943 жылы Ақтөбе мұғалімдер институтының даярлық курсына оқиды. 1946 жылы институтты үздік бітіріп, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына жолдама алады. 1949 жылы осы институттың аспирантурасына қабылданып, қазақ әдебиеті кафедрасында оқытушы болады. 1951 жылы





Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасына (қазіргі “Мектеп” баспасы) аға редактор қызметіне тағайындалып, сол кездегі Оқу министрінің орынбасары Әди Шәріповтың тікелей жетекшілік етуімен қазақ әдебиеті пәнінің мектептерге арналған жаңа бағдарламаларын жасауға атсалысады.

1952 жылдан 6-сынып “Әдебиет оқу кітабының” авторы. Ол “Қазақстан мектебі” журналында бөлім меңгерушісі, редакцияның жауапты хатшысы, 1957 жылы Алматы шетел тілдері институтында қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы болады. Бұдан кейін “Қазақстан мұғалімі” газетінің жауапты хатшысы, 1961 жылы “Қазақстан мектебі” журналының бас редакторы болып тағайындалады.

1971 жылы ол Монғолияның Баян-Өлгий аймағында қазақ мектептеріндегі оқу пәндерінің соны бағдарламаларын жасау, “Әліппеден” бастап қазақ тілі мен әдебиеті, монғол және орыс тілдерінің отыздан астам түпнұсқа оқулықтарын шығаруға жетекшілік жасайды.

1974 жылы Монғолиядан оралғаннан кейін, әуелі республикамыздың Оқу министрлігінде бөлім меңгерушісі қызметіне тағайындалады, ал 1975 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесіне жауапты қызметке шақырылады.

1987 жылдың басында Шәкір Қорғанұлы “Мектеп” (“Рауан”) баспасына директор болып тағайындалады.

1989 жылы Білім министрлігіндегі жаңадан құрылған оқулықтар даярлау бөлімін басқаруға шақырылады. Республикалық баспа кабинеті жасақталып, Ш.Аманов соның директоры болып тағайындалды.

1995 жылы Білім министрлігінің “Қазбілімжабдық” бірлестігіне қыз-

метке ауысқан Ш.Аманов жалпы білім беретін мектептерді оқулықтармен қамтамасыз ету ісімен айналысады. 2001 жылы Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогика институтының баспаханасын басқаруға шақырылып, кейін шығарылатын баспа өнімдерінің мазмұн сапасын көтеру талабына сай редакторлық қызметке ауысады. Ол бұларға қоса 2002 жылы оқу-ағарту саласына қажетті тәлімдік-тәрбиелік басылымдар шығаруға бағытталған жауапкершілігі шектеулі “Ұмай баспасы” серіктестігін ұйымдастыруға қатысып, оның жұмысына да жетекшілік жасауда.

Ш.Амановтың еңбегі үкімет тарапынан жоғары бағаланып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен, “Құрмет белгісі” орденімен, Кеңес Одағының, Монғолияның бірнеше медальдарымен марапатталған.

## АНТОХИНА

Людмила Васильевна – 1949 жылы Алтай өңірінде дүниеге келді. 1977 жылы Қырғыз университетінің филология факультетін бітірді. Көп тәжірибе жинаған бастауыш сынып мұғалімі, білім беру үздігі. 1989–2001 жылдар аралығында білім беру жүйесінің басшы және кадрлар біліктілігін арттыратын Республикалық институттың жоғары санаттағы методисі, 2001 жылдан “Аруна” баспасының редакторы және корректоры. 1991 жылдан оқу-әдістемелік курстарды бітіріп, дипломдар мен сертификат-



тарға ие болды. Людмила Васильевна білім беру ісіне байланысты көптеген мақалалардың, бірнеше әңгімелер мен өлеңдердің авторы.



**АРСАЛАМОВА Роза Айтбекқызы** — 30 маусым, 1966 жылы Талдықорған облысы, Панфилов ауданы, Шолақай ауылында дүниеге келген.

1984–1985 жылдары баспа кәсіптік-техникалық училищесін бітірген. 1985 жылдан бастап еңбек жолын “Кітап” өндіріс бірлестігінің түптеу бөлімінде бастаған.

1992–1996 жылдары Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық полиграфиялық университетінің полиграфия бөлімінде инженер-технолог мамандығын алып шыққан. 1996–2004 жж. түптеу бөлімінде мастер болып істеген.

2005 жылдан “Білім” баспасының баспаханасында бөлім меңгерушісі болып жұмыс істейді.



**АРЫСТАНОВ Жүсіпбек** (1904–1982) — Қызылорда облысының Тереңөзек ауданында туған. 1922–1925 жж. Мәскеудегі Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде

оқыған. 1925–1926 жж. “Ақ жол” газетінде редактордың орынбасары, 1926–1927 жж. Жетісу губерниялық

совет-партия мектебінің директоры, 1927–1928 жж. Орта Азия мемлекеттік университетінің (ЦАГУ) оқытушысы болған. 1930–1933 жж. Мәскеуде Қызыл профессура институтында оқыған. 1935–1936 жж. Қазақтың марксизм-ленинизм институты директорының орынбасары және бас редакторы қызметін атқарған. Кейін БК(б)П Қазақстан Өлкелік Комитеті бөлім меңгерушісінің орынбасары, “Қазақстан коммунисті” журналы редакторының орынбасары, “Социалистік Қазақстан” газетінің жауапты хатшысы, Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасында (қазіргі “Жазушы”) редактор болып істеген.

1934 жылы Қазақ ОАК мүшелігіне, 1937 жылы Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті мүшелігіне және Орталық Комитетінің Бюро мүшелігіне кандидат болып сайланған.

**АСАНБАЙ Рысқалым Бірлікқызы** — 1954 жылы 24 қазанда Талдықорған облысы Алакөл ауданының Обуховка елді мекенінде дүниеге келген. 1971 жылы Обуховка орта мектепті аяқтаған соң Алакөл аудандық “Жаңа өмір” — “Новая жизнь” газетінде аудармашы, әдеби қызметкер болып 1975 жылға дейін қызмет істеді. 1972 жылы Үшарал поселкелік Кеңесінің депутаты болып сайланды.



1977–1985 жылдары ҚазТАГ-та “Қазақстан”, “Жеті жарғы” баспаларында редактор, аға редактор, жетекші

редактор болып қызмет істеді. 2005 жылдан “Таймас” баспа үйінде жетекші редактор.

1979 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін, 2000 жылы Д.А.Қонаев атындағы гуманитарлық институтын бітірген.

Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің 1996 және 1998 жылдары жыл қорытындысы бойынша жылдың үздік редакторы, Қазақ КСР баспа, полиграфия және кітап саудасы жөніндегі мемлекеттік комитетінің және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.



**АСҚАР Ораз-  
қын** — 1935-жылы 16 мамырда Шығыс Түркістан өлкесінің Іле аймағына қарасты Мүкей-Қаратас деген жерде туған. Құлжада “Білім жұрты” гимназиясын, Алматыда ҚазМУ-

дың филология факультетін бітірген. Еңбек жолын Үрімжіде “Шыңжаң газетінде” әдеби қызметкер болып бастап, Қазақ Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы тарих, этнография және археология институтында кіші ғылыми қызметкер, Қазақстан Жазушылар Одағының көркем әдебиетті насихаттау бюросында нұсқаушы, Республикалық Кітап Палатасында бөлім меңгеруші, 1974 жылдан 1994 жылға дейін 20 жыл “Жалын” баспасында редактор, аға редактор болып қызмет атқарған.

2005 жылы он томдық шығармалар жинағының 2 томы жарық көрді. Ұзақ уақыт ел ішінен қазақтың халықтық қара өлеңін жинап, оның 2 кітабын баспадан шығарды. Енді әлем халықтарының қара өлең тектес халықтық өлең-жырларын жинап, оның таңдаулыларын қазақ тіліне аудару ісімен айналысуда. Ол еңбегінің үзінділері “Таң-Шолпан” журналында алғашқы санынан бастап бес жыл бойы үздіксіз жарияланып келеді.

“Жалын” баспасында аға редактор болып қызмет атқарғанда “Құран хикаяларын” араб әрпінен қазіргі қазақ әрпіне ықшамдап аударып бастырды.

“Төрт батыр” атты батырлық дастанын құрастырып, редакциялады. Бұрынғы басылымдарда батырлар жыры кілең Қобыланды батырдан басталып келген. Бұл жолы Алпамыс батыр жыры VII ғасырдан бері Қорқыт жырлаған түрімен әлемге аян екені ескеріліп жинақ Алпамыс батырмен басталды. Содан Қобыланды, Ертарғын, Қамбар болып орналастырылды.

Абайдың ғашықтық, сүйіспеншілік жырларын, яғни махаббат лирикаларын жеке кітап етіп құрастырып, “Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ” деген атпен 1990 жылы шығарды.

Мұқағали Мақатаевтың төрт томдық толық шығармалар жинағын құрастырып, редакциялаған. Қадырдың, Тұманбайдың т.б. ақындар жинақтарының редакторы.

Қазақ халқының қара өлеңін ел ішінен жинап, жүйелеп, құрастырып, екі кітап етіп басып шығарды. Қазір “Балауса” баспасында бас редактор ретінде әлем балалар әдебиетінің қазақ тілінде таңдаулы 50 томын шығаруға

көбінің алғысөзін жазып, құрастырып, редакциялап атсалысуда. Жылдың үздік редакторы, Халықаралық “Алаш” әдеби сыйлығының иегері, 2002 жылы “Тәуелсіздіктің он жылдығы, 2005 жылы “Ерен еңбегі үшін” медалімен марапатталды.



**А С Қ А Р О В**  
**Әлібек** – 1951 жылы, 24 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданында туған. Алматы көркем сурет училищесінің кітап безендіру бөлімшесін, ҚазҰУ-дың

журналистика факультетін бітірген.

1971–1973 жылдары Кеңес Армиясы қатарында қызмет етті. 1975–1986 жылдары “Білім және еңбек” (қазіргі “Зерде”) журналының көркемдеуші редакторы, әдеби қызметкері, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшысы, 1986–1991 жылдары “Өнер” баспасының бас редакторы, 1991–1993 жылдары ҚР Президенті мен Министрлер Кабинеті аппаратының Ішкі саясат бөлімінің аға референті қызметтерін атқарды. 1993 жылдан еліміздің Баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдары министрінің орынбасары, кейін бірінші орынбасары, 1998–2004 жылдары Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Баспа және полиграфия департаментінің директоры болды. 2005 жылдың ақпанынан Қазақстан Президенті Әкімшілігінің сектор меңгерушісі.

Ә.Асқаров – кәсіби баспагер. Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі

кезеңдегі баспа ісінің және полиграфия саласының ұйымдастырушысы.

“Құтмекен” (1979), “Тайга толғауы” (1981), “Жасыл әлемге саяхат” (1985), “Ерте түскен бозқырау” (1989), “Өр Алтай, мен қайтейін биігінді” (1997), “Родники рождаются в горах” (2000), “Мұнар тауды, мұзарт шынды аңсаймын” (2004), “Социализм әңгімелері”, “Скрип соленого сердца” (2005) т.б. кітаптарының авторы.

Жазушы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

**А С Қ А Р О В**  
**ЕРІК (1959–2003)**

– Солтүстік Қазақстан облысы, М.Жұмабаев ауданының, Ворошилов ауылында дүниеге келген.

1983 жылы Алматы Көркем театр институтын бітіріп, режиссер мамандығын алған.

Республикалық Қазақ телевизиясында режиссер, бас редактор, “Жазушы” баспасында редактор, Қазақстан Жазушылар Одағы әдеби қорының директоры болған.

“Қарлығаш”, “Жетіген”, “Аққудың көгілдірі” атты жыр жинақтарының, “Біржан сал” атты пьесалардың авторы. Айтыскер ақын ретінде көптеген айтыстарға қатысып, жұлдегер атанған.

**АСУБЕКОВА Нұрханым** – ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы библиография бөлімінің меңгерушісі, 1946 жылы 18 маусымда Талдықорған облысы, Қаратал ауданы Құм – Арал ауылында туған. 1962 жылы орта





мектепті, 1966 жылы Абай атындағы Қазақ педагогика институтын бітірген.

1968 жылдан ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасында библиография бөлімінде редактор, бас библиограф, 1974 жылдан бері осы бөлімнің меңгерушісі. “Баспасөз шежіресі”, “Газет мақаларының шежіресі”, “Журнал мақалаларының шежіресі”, “Рецензиялар шежіресі”, “Бейнелеу өнері басылымдарының (ИЗО) шежіресі” “Ноталар шежіресі”, “Кітап шежіресінің жылнамасы” жарық көруіне тікелей атсалысқан.

1993 жылы СССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің “қола” медалімен, 1988 жылы “СССР Баспа ісінің үздігі” белгісімен, Министрлік Грамоталарының иесі, “Еңбек ардагері” т.б. медальдармен марапатталған.



**АСЫЛ Ұлықман Әбілдаұлы** — баспагер, КСРО баспасөзі мен ҚР білім беру ісінің үздігі.

1939 жылы 1 наурызда Іле аймағының (ҚХР) Кеген ауылында туған. 1970 жылы

С.М.Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін (қазақ бөлімі) үздік (Лениндік стипендиат) бітірген. Сол жылы “Мектеп” баспасының жоғары оқу орын-

дарына арналған әдебиет шығаратын редакциясына редактор болып орналасады. 1972 жылдың қаңтарынан 1974 жылдың қыркүйегіне дейін сол редакцияның аға редакторы, редакция меңгерушісінің міндетін атқарушы болып істейді. 1974 жылғы қазаннан 1987 жылдың 16 қарашасына дейін баспаның қазақ тілі мен әдебиет редакциясының меңгерушісі болады.

1987 жылдың 16 қарашасынан 1990 жылдың 16 наурызына дейін “Қазақстан мектебі” журналы бас редакторының орынбасары — “Бастауыш мектеп” журналының редакторы, 1990 жылдың наурызынан 1993 жылдың наурызына дейін “Рауан” (қазіргі “Мектеп”) баспасы бас редакторының орынбасары, ал 1996 жылдың 1 қаңтарына дейін “Экономика” баспасының бас редакторы қызметін атқарады. 1996 жылдың қаңтарынан “Мектеп” баспасы бас редакторының орынбасары.

1977–1991 жылдар аралығында, жалпы жиыны 12 жыл, “Мектеп” баспасы партия ұйымының хатшысы, 1974–1988 жылдары Оқу министрлігі жанындағы қазақ тілі мен әдебиет жөніндегі 2 оқу-әдістемелік кеңестің мүшесі болды.

Ұ.Асыл — 4-сыныпқа арналған “Қазақ тілі”, қазақ мектебінің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына, орыс, ұйғыр, өзбек мектептерінің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған “Қазақ әдебиеті” оқулықтарының, 10–11-сыныптарға арналған тұңғыш “Әдептану” (Этика) оқулығының, 10-нан астам оқу-әдістемелік құралдардың авторы, қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек мектептерінің 10-сыныбына, қазақ мектебінің

9–10–11-сыныптарына арналған қазақ әдебиеті хрестоматияларының құрастырушысы. Сондай-ақ оқулық теориясы саласындағы тұңғыш монография “Оқулықтану” (“Рауан” баспасы), “Учебниковедение” (Мәскеудің “Просвещение” баспасынан шыққан), “Абайды оқу әліппесі” атты зерттеу еңбектерін жазған. “Педагогика және психология терминдерінің қазақша-орысша сөздігі” мен “Педагогика және психология терминдерінің түсіндірме сөздігі” авторларының бірі, “Орысша-қазақша сөйлесу сөздігінің” серіктес авторы. 30-дан астам поэзия, көркем проза, өнер мен эстетика, педагогика мен философия кітаптарын тәржімалаған.

Ұ.Асыл “1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 20 жылдығы”, “Монғол Халық Республикасына – 60 жыл” медальдарының иегері. 9 рет ҚР Баспасөз (Ақпарат) министрлігінің, 11 рет Білім министрлігінің құрмет грамотасымен марапатталған.



**А С Ы Л Б Е К**  
**Әбдірахман** – 1938 жылы 1 мамырда Жамбыл облысының Талас ауданына қарасты Үшарал ауылында туған.

ҚазПИ-дің тарих-филология факультетін бітіргеннен кейін мектепте

мұғалім болған.

Аспирантурада оқыған, облыстық газетте, республикалық Қазақ радиосында, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Баспа, полиграфия және кітап

саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінде қызмет жасаған.

Сондай-ақ, “Жазушы” және “Жалын” баспаларында, Қазақстан Жазушылар одағындағы көркем әдебиетті насихаттау бюросында, Қазақстан Жазушылар одағының Жамбыл облыстық бөлімшесінде, Республикалық “Әділет”, “Мәдениет”, “Заң” газеттерінде істеген.

Қазір “Көзқарас” және “Заңғар” журналында жауапты қызметкер.

### **АСЫЛБЕКУЛЫ**

**Серік** – 1951 жылы Қызылорда облысының Қазалы ауданында дүниеге келген.

1973 жылы ҚазПИ-дің (қазіргі Алматы мемлекеттік университеті) филология факультетін тамамдаған.

1973–1980 жж. мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, 1980–1986 жж. республикалық “Жалын” баспасының редакторы, 1986–1992 жж. “Жалын” журналының бөлім редакторы, 1992–1993 жж. Қазақстан Республикасы Баспасөз және Бұқаралық ақпарат министрлігінің жетекші маманы, 1993–1998 жж. “Жазушы” баспасының көркем проза бөлімінің меңгерушісі, 1998–2001 жж. “Парасат” журналы бас редакторының орынбасары, “Білім” баспасының бас редакторы болып қызмет еткен.

“Кешігіп қайтқан тырналар” (1981), “Оттан да ыстық өмір” (1984), “Мұғалімдер күні” (1986), “Зимние каникулы” (1989), “Прощальный бал”, (1993), “Сағыныш” (1994), “Ата жұрт-



та” (1996) атты прозалық кітаптар мен республика театрларының сахналарында қойылған “Рәбиғаның махаббаты”, “Бір түнгі оқиға” деп аталатын пьесалардың авторы.

“Бір түнгі оқиға” пьесасы бойынша қойылған спектакліне 1998 жылы Тараз қаласында өткен республикалық театр фестивалінің бас жүлдесі берілген.

Қазақстан Жазушылар одағының Б.Майлин атындағы сыйлығының лауреаты. Филология ғылымының кандидаты.



**АСЫЛҒАЗЫ Мейрам (1948–1999)** – Павлодар облысы, Екібастұз ауданы, Ақкөл ауылында дүниеге келген.

Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген.

1978 жылға дейін Павлодар облыстық “Қызыл ту” (қазіргі “Сарыарқа самалы”) газетінде істеді. 1978 жылы “Жалын” баспасында редактор, кейіннен проза бөлімінде бөлім меңгерушісі қызметін атқарды.

1991 жылдан 1995 жылға дейін “Өнер” баспасында Бас редактор болып істеді. 1997–1998 жж. “Жібек жолы” баспа үйінде қызмет атқарды.

Республикалық басылымда алғаш рет “Балалар балалық жасапты” деген әңгімесі 1978 жылы “Жалын” альманахында жарияланды.

Алғашқы әңгімелер жинағы 1980 жылы “Ауылдастар” (әңгімелер), 1986 жылы “Өзгеше бір күн” (повесть, әңгімелер) деген атпен жарық көрді.

1989 жылы Үндістан көсемі М.Гандидің өмірнамасын аударып, “Менің өмірім” деген атпен басылып шықты.

**АСЫЛБЕКОВА Дәметер** – ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы “Қабылдау және бақылау” бөлімінің Бас маманы.

1947 жылы 24 мамырда Талдықорған облысы, Лепсі совхозында дүниеге келген.

1965 жылы орта мектепті бітірген соң, 1965–1970 жылдары Қыздар педагогикалық институтының биология-география факультетін бітірді.

1972 жылы сәуір айынан бастап Ұлттық мемлекеттік кітап палатасында “Қабылдау және бақылау” бөлімінде.

1972–1973 жж. библиограф, 1973–1991 жж. аға библиограф; 1991–1994 жж. жетекші маман; 1995 жылдан қазіргі уақытқа дейін осы бөлімнің бас маманы. Ол – “Мерзімді баспасөз шежіресі” басылымын шығарушы.



**АТЫҒАЕВ Әбітай (1912–1985)** – қазіргі Жезқазған өңіріндегі Ақадыр ауданында туған.

Қарқаралы қаласындағы орта мектепте оқыған.

Одан соң Алматы қаласына келіп, “Социалистік Қазақстан” газетінде корректор, әдеби қызметкер, әдеби хатшы, аудармашы,



“Жазушы” баспасында аға редактор болған.

Л.Соболевтің “Үшінші лек” деген әңгімелер жинағын, француз жазушысы Л.Буссенардың “Қаһарман капитан” атты романын, неміс жазушысы Г.Белльдің “Қайда едің, Адам?” деген романын, татар әдебиетінің ірі өкілі Ғ.Ибрагимовтың “Біздің күндер” атты романын, А.Мұсатовтың “Дөң басындағы үй”, О.Ковяковтің “Түнжыр Вангур”, Клушанцевтің “Айға сапар”, М.Зверевтің “Ақ марал” атты повестерін аударған.



**АТАМҚҰЛОВ**  
**Меліс Дүмшебайұлы** – 1947 жылы, қазан айының 11 ж ұ л д ы з ы н д а Алматы қаласында туған. 1971 жылы Мәскеудің Губкин атындағы химиялық мұнай және газ өнер-

кәсібі институтының химия-технология факультетін бітірген. Бітіргеннен кейінгі жылдарда Қазақ ССР Ғылым Академиясының химия институтында кіші ғылыми қызметкер, қазақ телеарнасының әдеби-драмалық хабарлар редакциясында редактор, “Қазақфильм” киностудиясында сценарий коллегиясының мүшесі, қазақ театр қайраткерлері одағының драматургия жөніндегі кеңесшісі қызметтерін атқарды.

90-жылдардың басынан бизнеспен айналысады. Бұл күндері “Хай технолоджи”, және “Дана фильм”, “Мама-тай” баспасының бас директоры, сондай-ақ “Рахат” телекомпаниясының вице-президенті.

**А Х М Е Д О В**  
**Ғалым (1906–2002)** – Ақтөбе облысы, Алға ауданында туған.



1925 жылы Орынбордағы Халық ағарту институтын бітірген. Ақтөбе уездік оқу бөлімінде инспектор, мұғалімдер кәсіподағының Ақтөбе губерниялық кәсіподақтар кеңесі төрағасының орынбасары, губерниялық атқару комитетінің жауапты хатшысы болған. 1930 жылы Қазақстан өлкелік партия комитетінің қаулысы бойынша Қазақстанда совхоздар ұйымдастыру жұмысына алынып, Ленинградтағы совхоз директорларын дайындайтын қысқа мерзімді курсқа жіберілген. 1931 жылы қазіргі Жамбыл қаласындағы ауыл шаруашылығы техникумында директор болған. 1935 жылы Қазақстан өлкелік, кейін Қазақстан КП Орталық Комитетінде нұсқаушы, 1938 жылы Жамбыл қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы, 1944 жылы Қазақ мемлекеттік біріккен баспасының бас редакторы, бұдан кейін жаңадан құрылған көркем әдебиет баспасының (қазіргі “Қазақстан”) марксизм-ленинизм классиктері шығармалары редакциясының меңгерушісі, Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші, “Жазушы” баспасында көркем аударма редакциясының меңгерушісі болып істеді.

1992 жылы “Жазушы” баспасынан “Жем бойында” тарихи романы жарық көрді. “Өткен жылдар”, “Ескі достар”, “Алаш – Алаш болғанда” атты прозалық кітаптардың авторы. Ол Борис Горбатовтың “Бағынбағандарын”,